

**ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН  
ӘДІСТЕМЕСІ  
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ОБЩЕСТВЕННО-  
ГУМАНИТАРНЫХ НАУК**

**FTAMP 14.25.07**

**DOI:** <https://doi.org/10.59102/pedagogical/2026/iss1pp12-25>

**Абдуллаева А.Ж.<sup>1</sup>, Оралова Г.С.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> PhD студенті, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан. ORSID: <https://orsid.org/000900048599-1575>. E-mail: [a.abdullaeva7979@gmail.com](mailto:a.abdullaeva7979@gmail.com);

<sup>2</sup> Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан ORSID: <https://orsid.org/000000027616-5499>. E-mail: [Gulzi-oralova@mail.ru](mailto:Gulzi-oralova@mail.ru)

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ПОСТКОЛОНИАЛДЫ ТЕОРИЯМЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

Бұл мақалада қазақ әдебиетін постколониал теория тұрғысынан қарастырудың әдіснамалық негіздері ұсынылады. Зерттеуде әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым саласы ретінде қарастыра отырып, нақты көркем мәтінді постколониалдық көзқарас тұрғысынан талдау көзделеді. Сонымен қатар отарсызданған сана призмасы арқылы жаңа интерпретациялық мүмкіндіктер мен нарративтерді айқындау мақсаты қойылады.

Постколониал теорияның жетекші тұжырымдары, батыс ғылыми дәстүрінде қалыптасқан контрпунктты оқу әдісі және В.Изердің оқырманға бағытталған эстетикалық қабылдау теориясы талдаудың теориялық-әдістемелік негізі ретінде алынды. Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы постколониалдық көзқарас тұрғысында қайта қарастырылып, мәтіндегі тарихи жады, ұлттық болмыс, рухани отарлау, қарсылық поэтикасы және нарративтік бірегейлік мәселелері кешенді түрде талданады. Мақалада романды контрпунктты тәсілмен оқу арқылы авторлық баяндау мен кейіпкер көзқарасының, тарихи шындықтың, көркем мәтіндегі отарланған не отарсыздануға ұмтылған сана формалары мен мәдени белгілерді ашу жолдары қарастырылады. Изердің эстетикалық концепциясы мәтінді пассив қабылдаушыдан белсенді интерпретатор деңгейіне көтеруге бағытталған тәсіл ретінде талданады.

Зерттеу аясында жүргізілген эмпирикалық тәжірибе (претест/посттест) Уилкоксонның таңбалы рангтар критерийі арқылы статистикалық өңдеуден өткізілді. Алынған нәтижелер оқыту бағдарламасының тиімділігін көрсетті, бұл студенттердің теориялық білім деңгейі мен интерпретациялық дағдыларының едәуір артқанын дәлелдейді. Сонымен қатар сапалық деректер (студенттердің рефлексиялық жазбалары, мәтін талдауы) постколониал теорияны қолдану олардың тарихи-мәдени белгілерді тану қабілетін кеңейтіп, шығарманы постколониал тұрғыдан жаңаша көзқараспен талдауға және көпқырлы түсінік қалыптастыруға ынталандырғанын көрсетті. Осы нәтижелер постколониалды талдау әдістерінің әдістемелік тиімділігін нақты көрсете отырып, ұлттық әдебиеттануда жаңа ғылыми парадигмаларды қалыптастыруға, көркем мәтінді мән-мағыналық тұрғыдан терең талдауға және студенттердің сыни ойлау қабілетін жетілдіруге мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Кілт сөздер: постколониал әдебиет, деколонизация, экопостколониализм, нарратив, контрпунктты оқу, «басқаға айналдыру», қарсылық дискурсы, қосарланған сана, субалтерн.

**НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР**

Әдебиетті постколониал теориямен талдаудың негізгі идеясы – әдеби мәтінді жай эстетикалық туынды ретінде емес, билік, үстемдік, отарлау тәжірибесі және оның саналық-

мәдени салдарлары тұрғысынан оқу. Бұндай талдау түрі әдебиетті өткеннің қалай бейнеленгенін, қалай сыналғанын немесе мәтін астарында не жасырылғанын зерттейді.

## КІРІСПЕ

Еліміздің әлемдік геосаяси кеңістікте дербес мемлекеттігін жариялағанына 35 жыл уақыт өтсе де ресми деңгейде отарсыздандыру саясаты жүргізілмеді дегенімізбен, «Мәдени мұра» (2004-2011), «Рухани жаңғыру» (2017-2022) мемлекеттік бағдарламаларының аясындағы зерттеу еңбектерінде, халықтың тарихи-мәдени мұрасын қайта қалпына келтіруде, тарихты қайта жазуда ғалымдарымыз өлшеусіз еңбек сіңірді. Ұлттың өзіндік кім екенін тануға, ұлттық болмысын табуға, ұлттық сана, тарихи жадысын жаңғыртуға ұмтылған ұлт ретінде тәуелсіздіктің елең-алаңынан әсіресе филология ғылымында зар заман дәуір тудырған әдебиет, Алаш әдебиеті отаршыл кезеңнің қасаң көзқарасынан аршып алына бастады. Бұған қазақ әдебиетіндегі этнодеформация мәселелерін зертте [1, 2] тақырыптары қосылды. Сананың екіге жарылуы, ұлттық сананың өзгеріске түсуі, кері кетушілік, деформацияға ұшыраған қоғам мәселелері отаршылдық салдары емес деп айта алмаймыз. Алайда бұл оқыту бағдарламаларын деколонизациялау үдерісі үшін жеткіліксіз еді. Отаршылдық кезеңді бастан өткерген мемлекеттердің тәжірибесіне сүйенсек, ЖОО-да әдеби шығармаларды постколониал теориямен талдау өзекті мәселелердің бірі.

Кейінгі жарты ғасырда әлемдік әдебиеттану ғылымында ең ықпалды бағыттардың бірі саналатын постколониал теория арқылы 1980 жылдары жазылған қазақ әдеби шығармаларын талдау тек сананы отарсыздандыру (деколонизация) үдерісіне қосқан үлес болып қана қоймай, әдеби талдаудың жаңа әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Біріккен Ұлттар Ұйымының дерегі бойынша әлемнің жартысынан астамы, шамамен 140 мемлекет, колониалды кезеңді бастан өткергенін ескерсек, постколониал теорияны қолдану арқылы әдеби канондарды қайта қарастырумен қатар, отарлық тәжірибенің тілдік-мәдени әсерін түсіндіру және ЖОО студенттеріне қазіргі әлемдік әдеби процесті тануға қажетті әдістемелік кілт ұсыну мүмкіндігі туындайды.

Постколониал теория – бұрынғы отарланған халықтардың тәжірибесін, отарлау жүйесінің адамдарға, мәдениетке, тілге, санаға қалдырған ізін зерттейтін гуманитарлық бағыт [3]. Постколониал теориясы тек өткенді ғана емес, тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасатын мәдени, саяси және танымдық тәуелділіктерді талдауға мүмкіндік береді. Постколониал теорияның әдебиеттанудағы негізгі мақсаты – отарлық кезең мен оның зардаптарын әдеби шығармалар арқылы зерттеу. Қазақстан жоғары оқу орындарында қазақ жазушыларының шығармаларын постколониал теория тұрғысынан талдау бағытындағы зерттеулерді дамыту маңызды, сол себепті зерттеу жұмысымызда постколониал талдау әдістері мен оны оқытудың тәсілдерін қарастырдық. ЖОО студенттеріне постколониал теорияны пайдалана отырып, қазақ әдеби шығармаларын талдау олардың тарихи-мәдени мәнін түсіндіру мүмкіндігін береді. Мәселен, Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романы мектеп бағдарламасының гуманитарлық-қоғамдық бағыттағы жоғарғы сыныптарында оқытылатынындай, тек экологиялық шығарма ретінде қарастыру әділетке сай болмас еді. «Тоталитарлық режим билеп-төстеп тұрған кезде жазылған» [4] бұл роман отаршылдық саясатқа қарсы батыл үн қосады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – әдебиетті сөз өнері әрі дербес ғылым ретінде қарастыра отырып, аталған романды постколониал көзқарас тұрғысынан талдау арқылы отарсызданған сана призмасынан туындайтын жаңа нарративтерді айқындау.

Зерттеу жұмысының теориялық, талдау және әдістемелік-педагогикалық міндеттері:

1. Постколониалды теорияның негізгі ұғымдарын ғылыми-тұжырымдамалық тұрғыдан түсіндіру;

2. Постколониалды көзқарас негізінде талдау барысында студенттердің романдан нақты мысалдар келтіруін қамтамасыз ету;

3. Постколониал әдебиетті оқытудың әдістемелік тәсілдерін ұсыну және эмпирикалық зерттеу арқылы олардың тиімділігін көрсету.

Әдебиетті постколониал теориямен талдаудың негізгі идеясы – әдеби мәтінді жай эстетикалық туынды ретінде емес, билік, үстемдік, отарлау тәжірибесі және оның саналық-мәдени салдарлары тұрғысынан оқу. Бұндай талдау түрі әдебиетті өткеннің қалай бейнеленгенін, қалай сыналғанын немесе мәтін астарында не жасырылғанын зерттейді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Постколониал теорияның негізін қалаған «Ориентализм» кітабының авторы, американдық әдебиет сыншысы Эдуард Саидтың тұжырымына сүйенсек, Батыс (Оксидент (Occident) – Батыс әлемін, әсіресе Еуропа мен Солтүстік Американы білдіретін мәдени-өркениеттік концепт, өзін өзі әмбебап мәдениет ретінде көрсететін күш) Шығысты (Ориент (Orient) – Шығыс туралы Батыс қалыптастырған идеологиялық, мәдени, саяси образ, «өзге, «экзотикалық», «Шығыс» ретінде жасалған кеңістік) шындық күйінде емес, өзіне пайдалы стереотиптер арқылы «ойлап тауып», мәдени үстемдік танытады. Бұл – Батыстың Шығыс туралы білімі – ғылым емес, саяси биліктің құралы деп есептейді, яғни Батыс та, Шығыс та табиғи категория емес, олар идеологиялық құрастырылған бейнелер [3]. «Шығыс халықтары өзін өзі таныстыру құқығынан айырылды, олар туралы әңгімені Батыс айтып отырды. Батыстың үстемдігі «артта қалған халықтарды дамыту» деген желеумен отарлауды ақтау механизміне айналды» [3] деген ойлар постсоветтік қазақстандықтар үшін де жақсы таныс. Қазіргі постколониал теорияның кілтсөздері саналатын гибридтілік, мимикрия, амбиваленттілік, «үшінші кеңістік» ұғымдарының авторы, профессор Хоуми Бхабханың негізгі идеясы отарланған халықтың мәдениеті мен отарлаушы мәдениет арасындағы аралас, динамикалық тұрақсыз кеңістіктерді түсіндіруге бағытталған. Отарлау – тек үстемдік тарихы емес, ол мәдениеттердің араласуы, өзгеруі, жаңа кеңістіктің пайда болуы [5]. Отарланған тұлға – пассив объект емес, актив, жаңа мән тудыратын субъект [5]. Постколониал теориядағы ең күрделі әрі өткір ойлы ғалымдардың бірі Гаятри Спивактың негізгі тұжырымы: тарихтан, білімнен шеттетілген адамдар (субалтерн) өз дауысын әлемге жеткізе алмайды, оларды басқалар сөйлетеді, басқалар түсіндіреді. Талқылау – олардың дауысын қайта өшіру [6]. Мәселен, отарланған халықтар туралы жазатын ғалымдар оларды өкіл ретінде сөйлетемін дейді де, шын мәнінде, олардың орнына өз идеясын таңады, яғни «өкіл болып сөйлеу» – дауысты ашу емес, қайта басу. Сондықтан мәтінді талдағанда ең маңыздысы: Кім сөйлейді? Кім үндемей қалды? Постколониалды әдебиеттің басты қызметі – «үнін өшірген» халықтың сөзін қайтару. «Үшінші әлем» елдерін отарсыздандыру күресіне атсалысқан танымал теоретик Франц Фанонның негізгі идеясы – қара адамның «ақ болуға» ұмтылуы – мәдени бетперде, өзін өзі жоққа шығару [7]. Фанонның отарланған сана, отарланған адамның психологиялық жарақаты жайында айтқан ойлары қазақтың «қара орысты көргенде сары орыспен жылап көрісерсің» деген сөзін еске түсіреді. Фанонның «Өлім аузындағы отаршылдық» кітабының негізгі идеясы – қарсылық мәдениеті. Кітапта Алжир халқының отарлық қысымның әсерінен тілін, дәстүрін, әлеуметтік құрылымын қалай өзгерткенін баяндайды. Отарлау жағдайында қоғамның мәдениеті қарсылық құралына айналады деген ойды айтады [8]. Демек отарсыздану – бір халықтың не бір елдің мәселесі емес, бұл әлемдік әділетсіздікке қарсы қозғалыс. Отарлау адамды да, қоғамды да жаралайды. Бостандық сол жараны танудан, жүйені түбегейлі ыдыратудан басталады [8]. Жалпы, постколониал теорияны дамытушы, заманауи жаңа концепт жасаушы зерттеушілер мұнымен тоқталмайды. Біз бұл мақалада постколониал теория арқылы оқытудың педагогикалық-әдістемелік аспектісін қарастыруда қолданылатын негізгі тұжырымдардың авторларын ғана алып отырмыз. Аталған ғалымдардың идеяларына сүйене отырып, постколониал теория зерттейтін отарлаушы мен отарланған халықтың қарым-қатынасы, мәдени гегемония, мәдени гибридтілік, болмыс дағдарысы мәселелерін әдеби шығарманы талдау арқылы түсіндіру санадағы отарлық стереотиптерді бұзуға көмектеседі әрі колонияланған ой-танымды ұлттық

сәйкестендіру, ұлттық болмыс, ұлттық сана, ұлттық жад тұрғысынан қайта бағдарлайды. Әдебиеттің отарлық эпистемологияны демонстрациялайтын ғылыми қызметі де [9] осыған саяды.

Постколониал теорияны оқытуда Э.Саидтың контрапункты оқу әдісін немесе Спивактың субалтерннің үнсіздігін талдау әдісін қарастырсақ, мәтін арқылы үстем «өркениет әкелуші күш» пен оған қарсы тұрған үн қатар талданады. Контрапунктық әдісте орталық және отарланған дауыстар бір уақытта параллель түрде оқылады. Әдістемелік тұрғыдан студенттерге мәтіндегі үстем идеологияны анықтау, мәтіннің сыртқы мәнін қосу, көрінбейтін немесе жасырылған «басқа» дауысқа назар аудару, қарсы баяндауды қалпына келтіру, екі дауысты қатар оқудан туатын жаңа синтезді табу тапсырмалары беріледі. Осылайша өркениет миссиясы, расизм, отарлық басқарудың «заңдылығы», тарихи колониялық саясат арқылы үнсіз қалған отарланған тұлғалар, шеткері образдар танылып, отарланған халықтың тәжірибесі көрсетіледі, мәтіннің күрделі, көпқабатты мәні ашылады.

Қазақ әдебиетінің классигі М.Мағауиннің 1983 жылы жарияланған «Шақан шері» романы [10] жарық көрген 80 жылдар «көркем өнердегі таптық доктрина, «социалистік гуманизмге» негізделген «жаңа адам» бейнесін жасау талаптары толық күшін жоймаса да, жасанды ұғымдар солғын тарта бастаған» [11] кезең еді. Роман кеңестік-тоталитарлық жүйенің қазақ қоғамындағы рухани ахуалды қалай бұзғанын, жеке адам тағдырына қалай әсер еткенін көркем-психологиялық деңгейде көрсетеді. Сондықтан екі апталық теориялық дәрістерден соң өткізілген ашық семинар сабақта «Шақан шері» романы практикалық талдау негізі етіп алынды. «Шақан шерінің» ресми сюжеті – аңшылық дәстүр, жолбарыс аулау, экология тақырыбы. Контрапунктық оқуда Шақанның «шер» (қайғы) толық мінезі – кеңестің экономикалық саясаттың (жерді бұзу, аң-құс ортасын талқандау) астарлы сынағы. Шығарманың табиғатпен үндес әлемі – тарихи жады. Аңшылық мәдениеті, дала философиясы, еркіндік рухы – моральдық, мәдени шеңбер ретінде көрінеді. Контрапунктық оқу әдісінде билік логикасы жолбарысты «жыртқыш», «қауіпті күш» деп анықтайды. Шығарманың жасырын астарында жолбарыс даланың заңын білетін, өзінің орны бар, экожүйенің бір бөлігі ретінде көрінеді. Постколониал әдебиеттануда контрапунктық оқыту студенттерге мәтінді сыни тұрғыдан түсіндіруде аса маңызды.

Зерттеу жұмысында аралас әдіс қолданылды, оның құрамына сапалық және сандық әдістер кірді. Эмпирикалық әдіс аясында студенттердің постколониалды теория бойынша білім деңгейін бағалау үшін претест және посттест алынды. Алынған нәтижелер SPSS бағдарламасында статистикалық өңдеуден өткізілді.

Зерттеу үлгісіне Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Гуманитарлық-педагогикалық институты» Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика білім беру бағдарламасының «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының төртінші курс студенттері кірді. Қатысушылар саны – 67. Зерттеу 2025–2026 оқу жылының I академиялық кезеңінде «Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет» пәні аясында жүргізілді.

Әдістемелік жағынан жұмыс бірнеше элементтерді қамтыды:

1. Дәріс жұмысы – студенттерге постколониалды теория, постколониалды талдау әдістері ұсынылды;

2. Практикалық талдау сабақтары – студенттер Мұхтар Мағауиннің «Шақан шері» романынан нақты мысалдар келтіріп, постколониалды талдау жүргізді;

3. Претест және посттест – студенттердің теориялық білімін бағалау және меңгеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілді; претест пен посттест сұрақтарының жалпы саны 35-тен тұрды;

4. Сапалық деректер жинау – студенттердің рефлексиялық жазбалары, мәтіндік талдау жұмыстары арқылы білім алу үдерісін бақылау жүзеге асырылды.

Претест студенттердің постколониалды теория жөніндегі бастапқы білімін бағалау үшін алынды. Дәріс барысында «Шақан шері» романы постколониалды теория тұрғысынан талданғаннан кейін посттест өткізілді. Посттест студенттердің дәрістен алған білімін қорыту, теориялық материалды меңгеру деңгейін анықтау, сондай-ақ талдау дағдыларын бағалау мақсатында ұйымдастырылды.

Зерттеу барысында этикалық нормалар толық сақталды. Студенттерге зерттеуге қатысу үшін білім беру бағдарламасының жетекшісі мен пән оқытушысының рұқсаты алынды. Қатысу немесе қатыспау құқығы білім алушыларға толық берілді, ал претест пен посттестке қатысушылардың құпиялылығы қамтамасыз етілді.

## НӘТИЖЕЛЕР МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Жоғары оқу орындарының студенттеріне постколониал әдебиетті оқытудың өзектілігін ғылыми-теориялық, мәдени және әлеуметтік факторлармен тікелей байланыстырудың мәнін түсіндірейік: Біріншіден, ғылыми-теориялық тұрғыдан постколониал теорияны білу арқылы әлемдік әдебиеттанудың заманауи парадигмасына сай дискурстарға қатыса алады, әлемдік зерттеу тілін меңгереді. Билік, тіл, мәдениет қатынастарын түсінуде постколониал әдебиет арқылы биліктің тілге, кейіпкер психологиясына, тарихи жадқа қалай әсер еткенін сезінеді. Бұл әдебиетті эстетика ғана емес, сонымен бірге идеология, саясат, мәдениетаралық динамика ретінде көруге мүмкіндік береді. Екіншіден, танымдық және мәдени актуалдылық тұрғыдан ұлттық сананы, тарихи жадты қалыптастырады. Постколониал әдебиетті оқу арқылы студент отарлану механизмін терең түсінеді. Бұл қазіргі мәдениетке сын көзімен қарауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, танымдық-психологиялық маңыздылығы тұрғысынан отарланған сана, өзін өзі жатсыну, мәдени жарақат құбылыстарын терең түсінуге мүмкіндік алады. Постколониал теория психологиялық отарлану, мәдени бұйығылық, өзін өзі төмендету, басқаға айналдыру сияқты күрделі ұғымдарды түсіндіреді. Бұл қазіргі жас ұрпақ үшін ұлттық біртектілік, ұлттық сана, ұлттық болмыс қалыптастыруда аса маңызды білім саналады. Төртіншіден, әлеуметтік және практикалық маңыздылығы тұрғысынан, басқа халықтардың отаршылдық тәжірибесін салыстыруға мүмкіндік алады. Сыни ойлау дағдысын қалыптастырады. Мәтінге тарихи-философиялық интерпретация жасау арқылы дайын пікірді қабылдамай, әдебиетті дербес түсінуге талпынады. Осындай өзекті мәселелер негізінде постколониал әдебиетті оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері қарастырылып келеді [12, 13]. Соның ішінде PhD Уисам Абдул-Жаббар [14] үш мәселені атап көрсетеді: біріншіден, әдеби шығарманы сәтті таңдау. Екіншіден, алдын ала қалыптасқан стереотиптерді деконструкциялау үшін педагогикалық тұрғыдан оқытушының көмегі қалай жүзеге асады деген сұраққа нақты дайындалу. Үшіншіден, Изердің оқу эстетикасы теориясы арқылы мәтін талдау.

Постколониалдық зерттеулер саясатқа жиі назар аударатындықтан да [14] шығарманы постколониал теория арқылы талдаудың өзіндік күрделілігі бар. Постколониалды талдау әдебиетті саясатқа қызмет етуден қорғайды. Ол саяси мәннен туындаған отарлау, билік пен білім, үстем дауыс, тұншықтырылған дауыс деген әдістерге сүйене отырып, әдебиеттің саясиленген табиғатын ашу мақсатын көздейді. «Әдебиет ешқашан бейтарап кеңістікте өмір сүрмейді» (Э.Саид). Постколониалды талдау әдебиетті колониялық үгіт-насихаттың, біржақты саяси интерпретацияның құралы болудан қорғай алады. Себебі «дұрыс» деп ұсынылған тарихқа «күмәнмен» қарауға шақырады, мәтіндегі көпдауыстылықты көрсетеді. Әдебиет саясатқа қызмет етуші құрал емес, саясатпен күрделі диалогке түсе алатын кеңістік ретінде танылады.

«Шақан шері» романының композициялық құрылымына сәйкес зерттеу жұмысында мына мәселелер қарастырылды:

Шығарманың басталуы: Тұтқындағы шері (эпилог).

1. Постколониалдық контекст және романның идеялық өзегі – эпилогта автор тұтқындағы шері арқылы отарлық жүйенің әсерін көрсету арқылы романның негізгі идеясына кіріспе жасайды [10, 2-бет].

Шығарманың байланысуы: Шақанның бақытты отбасы.

2. Шақан тұлғасы: постколониалдық қарсылық – Шақанның отбасы мен бақытты өмірі оның тұлғалық бейнесін ашады және кейінгі постколониалдық қарсыласуының айырмашылығын көрсетеді.

Шығарманың дамуы: Жолбарыстың шабуылы. Отбасынан айырылған Шақан

3.Отарлық жүйенің экологиялық зардабы (экопостколонизм) – Жолбарыстың шабуылы мен табиғаттағы қатер отарлық жүйенің экологиялық зардаптарын көрсетеді; Шақанның отбасының бұзылуы да осы зардапқа байланысты.

Шығарманың шиеленісуі: Кек қуған Шақан. Шақанның шөнжікті асырауы. Ауылда болған оқиға.

Шақан тұлғасы: постколониялық қарсылық – шиеленісте Шақанның әрекеттері, кек пен қарсылық арқылы постколониялық тұлғалық позициясы көрінеді.

4. Отарланған сана: шөнжік пен Шақанның кездесуі – Шөнжікті асырауы және ауылдағы оқиғалар арқылы отарланған сана мен жеке тұлға арасындағы қақтығыс бейнеленеді

Шығарманың шарықтау шегі: Шақан мен шөнжіктің кездесуі. Бұл эпизод романның негізгі философиялық шиеленісін көрсетеді, постколониялық травманың символикалық көрінісі.

Шығарманың шешімі: Шерінің қолға түсуі.

5. Роман шешімі: постколониялық трагедия мен үміт – Шерінің қолға түсуі арқылы оқиға трагикалық шешімге жетеді, бірақ Шақанның тұлғалық өсуі және постколониялық үміт сезімі сақталады.

Постколонизмдегі мәдени жарақат, өзін өзі жатсыну, ұлттық өзіндік сананың әлсіреуі ұғымдарымен байланысты қарастырылады. Постколониялық теориядағы «өзін өзі жатсыну» (Self-alienation, Франц Фанон) – отарлық үстемдік жағдайында отарланған халықтың өз болмысын, мәдениетін, тілін, тарихын төмен бағалап, колонизатордың құндылықтарын «жоғары», «дұрыс» деп қабылдай бастауын білдіретін бұл тұжырым жай психологиялық күй емес, колониялық жүйенің ұзақ мерзімді идеологиялық нәтижесі. Постколониалды әдебиетті оқытуда өзін-өзі жатсыну ұғымының педагогикалық мақсаты – ұлттық болмысты түсіну, санадағы отарсыздану, кейіпкер психологиясын ашу.

Студенттер бұл ұғымды айқындай түсетін мысал ретінде романдан «...Айтсаң – арман, бүксең – құса... түптеп келгенде бәрін ақ найзаның ұшы, ақ білектің күші емес, топтың дүмпуі, мылтықтың түтіні шешеді екен. Енді сен тыныш ұйқы мен тәтті тамақтан өзге қамы жоқ жануарға айналып барасың...» [10, 18-бет] деген жолдарды ұсынды. Сондай-ақ студенттердің «Шақан – өзі өзі жатсынуға қарсы тұра алған тұлға. Оның трагедиясы – өз ортасының өзіне қарсы болуы. Оны өлтіретін күш – сырттан келген орыс емес, сол отарлық сананы сіңірген өз қазақтары. Бұл – өзін өзі жатсынудың ауыр нәтижесі: отарланған жүйе халықты өз ішінен жікке бөледі» деп бүгінгі қоғамның мәселесімен сабақтастыруы тақырыптың мәнін аша түседі.

Постколониал теорияда студенттерге мимикрия, амбиваленттілік тұжырымдарын түсіндіру өзіндік мәнге ие. Мимикрия ұғымынан туындайтын әлеуметтік мимикрия (ағылш. mimesis «еліктеушілік») – қандай да бір табысқа, пайдаға қол жеткізу үшін қоршаған әлеуметтік-саяси ортаға, өмірде қалыптасқан жағдайға бейімделу. Сараптамалық түсінікте әлеуметтік мимикрия – "басына күн туған", қызмет ету жағдайы қиындаған топтардың сақталып қалуы, өмір сүруіне мүмкіндік туғызатын әлеуметтік-саяси сипаттағы қорғанушы және ыңғайланып, бейімделуші шаралардың кешені [15]. Отарланған халық отарлаушы мәдениетті «еліктегенде», еліктеу толық қайталау емес, almost the same, but not quite – жақын, бірақ дәл емес. Бхабха тұжырымының [5] педагогикалық мақсаты – қарсылық мәнін ашу, амбиваленттілікті түсіндіру, мәдениеттердің араласуын тану.

Студенттер бұл теорияны романдағы Жантай, тілмаш бейнелерімен салыстыра қарастырады. Мұнымен қоса мимикрия отарланған халықтың қарсылық тактикасы ретінде де түсіндіріледі. Бұған Шақанның жолбарыс терісін жамылып, жолбарысша киінуін мысал ретінде ұсынды: «Бұл – жолбарыс туысты, өзгеше Қосаяқ еді. Үсті-басы түгел сары тарғыл. Тіпті төбесіне дейін шұбар түк» [10, 46-бет] деген жолдарды айта келіп, Атабек ақсақал Шақанға сандық түбінен жағасы биік, жеңі ұзын, етегі бітеу, сауытқа ұқсас, шұбар ала киім – жолбарыс көбе сыйлағанын [10, 68-бет] еске түсірді. Субалтерннің үнсіздігін талдау әдісімен айтқанда, романда бас кейіпкер «аңға» айналады.

Сезімдердің амбиваленттілігі (гр. *ambi* жұрнақ, екіжақтылықты білдіреді, лат. *valentia* күйі) – тұлғаның күрделі күйінен, сезімдердің және эмоциялардың бір уақытта қарсыласуынан, тұлғаның ішкі қақтығысынан туындайды десек, бұл адамның қоршаған ортаға қарым-қатынасының күрделілігін, екіұштылығын және құндылықтар жүйесінің қайшылығын білдіреді [15]. Екіұдай, қарама-қайшы, тұрақсыз сезім. Мысалы, отарланған халық отарлаушының тілін жек көреді, бірақ қолданады. Отарлаушы өзі отарлаған елдің қарапайым халқын төмен санайды, бірақ олардың мәдениетінен, рухының оянуынан қорқады. Колониялық жүйені әлсірететін осы – амбиваленттілік.

Студенттерге қойылатын талдау сұрақтары:

1. Шақанның трагедиялық күйінің негізгі себебі қандай?
2. Шақанның ішкі күйзелісі постколониалды теорияда қалай аталады?
3. Бас кейіпкердің ішкі қақтығысын бейнелейтін жолдарды романнан табыңыз.
4. Отарландыру саясатына оңай бейімделген кейіпкерлер сипатын мысал ретінде келтіріңіз.

5. Жолбарыс көбенің символикалық мәні туралы не айтуға болады?

Постколониалдық қарсылық (*resistance*) – отарланған халықтың саяси, мәдени, тілдік немесе психологиялық деңгейде колонизатор үстемдігіне қарсы тұру әрекеттерінің жиынтығы, қысқаша айтқанда, қарсылық – отарлық үстемдіктің адам санасын, мәдениетін, тілін, болмысын басып-жаншуына берілмеу. Студенттер бұл ұғымды романдағы мына жолдармен байланыстырды: Бас кейіпкердің мешін жылының күзінде өзін іздеп келген жігітке айтаныны бар: «...Келіспеген. Менің ақ патшада ақым жоқ деген. Өз ғазауатым өзімде деген. Сұлтаныңа сәлем айт, азуы алты қарыс хан да он жыл алысып ештеңе шығара алмады, құр әурешілік болады, қарындас жұрттың қанына қалады, қойсын деген... Шақан өз тірлігінен таймады – жолбарыс әулетіне қарсы жанкешті соғысын одан әрі жалғастырды...» [10, 106-бет].

Студенттерге қойылатын талдау сұрақтары:

1. Романдағы «шері» сөзі нені білдіреді?
2. Романдағы негізгі қақтығыс қандай жағдайда көрінеді?
3. Романдағы билік өкілдерінің әрекеті қандай?
4. Романда Шақан сөйлей ме? Үзінділер табыңыз.
5. Романдағы диалогтар кімдердің арасында беріледі?

Отарлық жүйенің экологиялық зардабы (эко-постколониализм). Экопостколониализм – отарлау дәуірінде жүзеге асқан табиғат ресурстарын жаппай игеру, экожүйелерді бұзу, жерді, суды, флора мен фаунаны бақылау сияқты экологиялық үстемдікті постколониалдық көзқараспен талдайтын ғылыми бағыт, Кеңестік индустрияландыру, аңшылық тәртібінің бұзылуы, қоршаған ортаның күйреуі – постколониализмдегі экологиялық колониализм (*eco-colonialism*) ұғымымен үндес. Айдыны құрғаған Арал, жойқын ядролық сынақ алаңына айналып, жан түршігерлік трагедияны бастан кешірген қазақ даласы – Семей, жыл өткен сайын тынысы тарылып бара жатқан Балқаш қасіреті бәрі-бәрі – отаршыл биліктің ең қатерлі салдары. Бұның барлығы отаршылдық жүйенің құрбаны тек адамдар ғана емес екенін ұғындырады. Демек отарлау бір елдің екінші елге үстемдігі ғана емес, табиғатқа қарсы, табиғатқа үстемдік ету арқылы да жүзеге асырылады.

Экопостколониализм тақырыбы студенттерге етене таныс болғандықтан олар романнан үзіндіні монолог ретінде ұсынды: «Тәңірі тағаланың құдіретті пәрменімен жаратылған он сегіз мың ғаламда басы артық бір нәрсе жоқ. Қара жерде қыбырлаған құмырсқадан көк аспанда шарықтаған қыранға дейін, су сүзген балықтан шөл кешкен құланға дейін қилы кейіпті, қаншама махлұқат бар екен, соның бәрінің өз несібесі, өз орны болса керек. Хақ тағала біріне бірі селбестіріп, біріне бірін бақтырып қойған. Бірақ түп иесі – адам. Ендеше, орныңды біл, қарауыңдағы жан-жануарға жазықсыз жапа шектірме. Қожайын екенмін деп қоқандай берген ақыр түбі қу далада қалар...» [10, 74-бет]. Шын мәнінде табиғаттың құлдырауы – жолбарыстың жойылуы – ұлттық болмыс іргесінің шайқалуы деген тұжырым арқылы тақырыпты бекіте түсті.

Постколониалды мәтіндерге «тарихи үзіліс» (rupture) ұғымы тән. Постколониядағы тарихи үзіліс – отарлау салдарынан халық тарихының табиғи дамуы тоқтап, бұрмаланып, сырттан таңылған жаңа бағытпен жалғасуы, бұл – отарлық үстемдіктің ең ауыр салдарларының бірі деп қарастырамыз. Халық өткенін толық түсінуден айырылып, өз тарихи жадынан зорлықпен ажырайды. Ұлт өзінің өткені мен бүгіннің арасындағы байланысты жоғалтқан сәтті романға негіздей отырып талдауда студенттер Атабек ақсақалдың Шақанға айтатын сөздерін еске түсірді: «... Ел иесіз, қой серкесіз... Баспақ, тана – пұл болды, ақылы кеміс – би болды. Ұлыс ұлтарақтай іріп, тырнақтының шеңгелінде, азулының езуінде кетті. Аға сұлтан деген ұлық шықты, майыр деген бүлік шықты. Кім пайымдап, кім уайымдап жатыр... Ұққан, баққан ерде не қайран бар. Бүгінгің мереке, ертеңің не болар...» [10, 73-бет].

Студенттерге қойылатын талдау сұрақтары:

1. Романда табиғаттың күйреуі қандай идеяны білдіреді?
2. Жолбарысты қырып-жою сюжеттік линиясы нені білдіреді?
3. Аңшылық мәдениетінің күйреуі нені білдіреді?
4. Отарлық жүйенің табиғатқа жасаған зорлығы романда қалай көрінеді?
5. Отаршылдық жүйенің қазақ даласын сынақ алаңына айналдыруына байланысты тағы қандай мысалдар келтіруге болады?
6. «Адамға табын, жер, енді» деген ойды «Жерге табын, адам, енді» деп отаршылдыққа қарымта жауап ретінде қарастыруға бола ма?
7. Тарихи үзіліс ұғымына романдан мысалдар келтіріңіз.

Отарланған сана: шөнжік пен Шақанның кездесуі. Отарланған сана (subaltern mind) – ұзақ уақытқа созылған саяси, экономикалық және мәдени үстемдік нәтижесінде отарланған қауымның санасында қалыптасатын өз болмысын төмендетіп қабылдау, отарлаушы мәдениеттің нормаларын, тілін, құндылықтарын үстем әрі «дұрыс» деп мойындау, өз мәдениетін керісінше артта қалған, төмен дәрежелі деп сезіну құбылысы [8] арқылы түсіндіріледі. Студенттердің зерделеуінде романдағы кейіпкерлердің бір бөлігі жүйеге бейімделген. Олар – ішкі колонизаторлар, соның бір мысалы, майда шенеуніктер мен ауылдық басқарушылар. Олардың бойынан байқалатын белгілер: қазақ болмысынан алыстау, орысшылдық, «советтік адам» болуға ұмтылу, қорқақтық, жалтақтық. Бұл туралы ойларын романдағы мына жолдармен нақтылады: «... Жүзі сынық, көңілі кірбің. Әйтсе де өмір өзегі – күре тамыры қиылмаған. Хан, сұлтан кетті – халық орнында қалды. Жұрт өзгеше тірлік кебін тапқан. Намысы сөнбеген, болашақтан түңілмеген ер-азамат тұман серпілер, күн ашылар жаңа бір жол қарастыра бастаған» [10, 114-бет].

Студенттер «Шақан шері» романындағы тарихи жадының жоғалуы, рухани тамырдан ажырау трагедиясын «Шақан шөнжіктерге рақымшылық жасайын деп құйрығын қақ ортадан кертіп қысқартады. Бірақ көп ұзамай, бұнысы кеңшілік емес, азапты өлімге байлаған ауыр жаза екенін ұқты...» [10, 110-бет] деген жолдардан табуға ұмтылды. Су жағасында, тал түбінде бұратылып жатқан дәрменсіз шөнжікті он шақты күннен соң жолықтырып, әуелі қырғауылмен тойындыратын, сосын мойнына жіп тағып, жетектеп алып, апта бойы ертіп жүретін, ақырында қабан атып беріп шөнжікті аялдатып, өзі кетіп қалады. Кейін осы шөнжік арада замандар өткенде, арлан болғанда кездеседі. Бірақ шолақ шері оның қиянатын емес, азғантай жақсылығын, қолынан татқан дәмін дәт тұтады. Студенттердің осы оқиғаны жалпы символикалық тұрғыдан қазақтың бетке ұстар зиялыларын қынадай қырған 1937 жылдармен салыстыра қарастыруы дәрістің бірден бір мақсатына жеткені деп қарастыруға болады. Рас, жүйенің өзін қамқоршы әкедей көрсеткені сонша табиғатты «игеруші», адамды «тәрбиелеуші», артта қалған дәстүрлі мәдениетті жаңартушы күш – коммунизм елесі, «асыраушы» үкімет отарланған жадыдан біржола ұмытылған жоқ.

Постколониалды әдебиетті оқытуда оқырманның эстетикалық қабылдау теориясына [14] сүйенсек, әдеби шығарманың мәні мәтінде емес, оны оқу процесінде, яғни оқырман мен мәтіннің өзара әрекетінде пайда болады деген идеяға негіздейміз. Iser теориясында әдеби мәтін толық емес, онда «бос орындар» (gaps, blanks) болады. Сол бос орындарды оқырман өзі толтырады – сөйтіп мағына жасалады. Бұл мәтін – өзі алдын ала болжайтын, «көздейтін»

оқырман моделі. Оқырман толтыруы тиіс «бос» құрылымдар оқырманның интерпретациясын, тәжірибесін қосуға мүмкіндік береді. Мағына – үздіксіз жүретін процесс. Изердің оқыту эстетикасы оқырманды пассив қабылдаушы емес, белсенді мағына жасаушы деп қарастырады.

Мысалы, романда жолбарыс – еркіндіктің, рухтың символы ретінде алынған. Жолбарысты жойдасыз өлтіру – өз болмысыңды өлтіру. Жолбарыстың жеңдетіне айналған Шақанды студенттер тағы бір қырынан таныды, бір сәтте жазасын жақсылық деп көрсеткен империялық-тоталитарлық режимнің жойдасыз машинасына ұқсатты. Бұл пікірімізді қосымша мәлімет ретінде жазушының мынадай ойлары дәйектей түседі: «...Совет өкіметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ алаштың ұлттық санасы жүйелі, қатал әрі тынымсыз қудалауға ұшырады. Ұлт мүддесіне қатысты ой-пікір атаулы шектелді, ұлттың ұлағатты ұлдары әуелде жаппай қудалауға ұшырап, көп ұзамай, түгелдей айдауға кесілді, түрмеде шіріді, атылды және бұл жағдай жалпылық сипат алып, қазақ халқының сүт бетіндегі қаймағы, зерделі, саналы, оқыған, иманды, ұлтшыл бөлігі, ең жоғарғы деңгейдегі көсемдерінен бастап, қатардағы ауыл мұғаліміне дейінгі аралықта түп-тамырымен жер бетінен аласталды. Оқымаса да, көкірегі ашық, намысы бар ақылды, қажыр-қайратты қарапайым жұрт – дәулетті байынан қатардағы қара шаруасына дейін – олар тағы қуғын-сүргінге ұшырады, қорлыққа жегілді, өлімге кесілді. Нәтижесінде, онсыз да тозған, тең жартысынан астамы, бәлкім үштен екісі қырылған, барынан түгел айырылған, ұлттық есімінен басқа ештеңесі қалмаған қазақ халқының сонау ғұн, сақ, ежелгі түрік, Алтын Орда, Қазақ ордасы заманынан бері, екі мың, үш мың жыл бойы қалыптасқан болат жетесі – ұлттық генефонды бұрынғы-соңғы тарихта ешбір жұрттың басына түспеген ғаламат апатқа ұшырады. Ұлттың өзіндік мені ұмытылған, ар-ожданы тапталып, өткен тарихы өзіне жау деп жарияланған, жалпақ жұрт ғана емес, басшы топ, зиялы қауымның өзі тек физиологиялық тіршілік қамымен ғана күн кешкен түнек заманы туды. Толық үш мүшел – Алаш ардагерлері: Әлекең, Ахаң, Жақаң, Мағжандар, біз әлі бағасын танымай жатқан басқа да ондаған саясаткерлер, атылғаны атылып, қалғаны түрмеге жабылып, айдауға кесілген, қапастан аман шыққандарының аяғы тұсалып, аузы байланған 29-жылдан – қазақтың жаңа бір жас буыны өсіп, сөзге, іске араласа бастаған 60-жылдардың орта шеніне дейін созылса керек» [16]. Мысалы, студенттердің назарынан романдағы архаикалық миф Жолбарыс кент тұрғындары да тыс қалған жоқ: «...Жау мұнымен тынбайды. Қираған шаһардың қақ ортасынан бар төбеден биік жаңа төбе – Жолбарыс-кент тұрғындарының басынан қаланған биік мұнара тұрғызады. Іленің ескі атырауындағы тіршілік біржола тоқталды деген сөз» [10,107-бет].

Ұлттық санасы тұншықтырылып, өзіндік болмысы өлген жаңа үшінші кеңістік пайда болды. Үшінші кеңістік – екі мәдениет қақтығысқанда пайда болатын аралық кеңістікте жаңа мән, жаңа мәдени форма, жаңа болмыс пайда болады [5]. Қазақ болайын десе қазақ емес, орыс болайын десе орыс емес бұл үшінші кеңістік – постколониялық ғылымда «басқаға айналдырудың» құрбаны. «Басқаға айналдыру (othering/ «өзге ету» – отарланған халықты «төмен» деп бекіту үшін жасалған негізгі идеологиялық құрал» [5] – жалпы әлем тарихында отарлаушылар отарланған халыққа қалыптастыратын конформизм психологиясы студенттердің қызу пікірталасына ұласты. Постколониалды әдебиетті оқытуда үшінші кеңістік ұғымы педагогикалық тұрғыдан мәдени гибридтілікті тану, «басқаға айналдыруды» сынау, жаңа нарративтерді қалыптастыру мақсатында ұсынылады.

Студенттерге қойылатын талдау сұрақтары:

1. Романдағы шиеленістің түпкі себебі неде?
2. Шақан мен жолбарыс арасындағы байланыс романның қандай өзегін ашады?
3. Романдағы жолбарыс образы қандай нышанға жақын?
4. Шақан жолбарысқа неге ерекше қарайды?
5. Романдағы «Жолбарыс кент тұрғындары жайлы аңыз» нені меңзейді?

Роман шешімі: постколониялық үміт пен трагедия. Студенттер М.Мағауин постколониялық әдебиетте жиі кездесетін «рух жеңісі – дене жеңілісі» моделін қолданған деп қорытындылады. Жазушының басты идеясы – қазақ өзін жоғалтқанда трагедия

басталады. Осы ретте романдағы аңшылардың өзара ақылдасуы және Шақанның соңғы ойларын диалогқа бөліп, қойылым ретінде ұсыну әдісі студенттерді белсенді мағына жасаушыға айналдырды.

Студенттерге қойылатын дәрісті бекіту сұрақтары:

1. Шақанның трагедиясы қандай типке жатады?
2. Ашық финал қандай мақсатқа қызмет етеді?
3. Романдағы басты философиялық сұрақ қандай?
4. Романды постколониалды шығарма ретінде қарастырудың басты белгісі қандай?
5. Романдағы трагедияның түпкі негізі неде?
6. Романдағы аңшылардың диалогын қойылым ретінде ұсын және бұл диалогтың мәні нені меңзейтініне пікір қосыңыз.
7. Шақанның соңғы ойларын диалогқа бөліп қойылым ретінде ұсыныңыз.
8. «Отаршылдардың өздері кетсе де көлеңкесі қалады» дегенді қалай түсінесіз?

1-кесте. – Pretest және Posttest нәтижелері арасындағы айырмашылықты бағалау үшін Уилкоксонның таңбалы рангтар критерийі қолданылды.

**Ранги**

		N	Средний ранг	Сумма рангов
<b>Posttest - Pretest</b>	<b>Отрицательные ранги</b>	<b>0<sup>a</sup></b>	<b>,00</b>	<b>,00</b>
	<b>Положительные ранги</b>	<b>67<sup>b</sup></b>	<b>34,00</b>	<b>2278,00</b>
	<b>Совпадающие наблюдения</b>	<b>0<sup>c</sup></b>		
	<b>Всего</b>	<b>67</b>		

**a. Posttest<Pretest**

**b. Posttest>Pretest**

**c. Posttest = Pretest**

2-кесте. – **Статистические критерии<sup>a</sup>**

	Posttest - Pretest
Z	-7,133 <sup>b</sup>
Асимп. знач. (двухсторонняя)	<,001

a. Критерий знаковых рангов Вилкоксона

b. На основе отрицательных рангов.

Талдау нәтижелері Posttest кезеңіндегі көрсеткіштердің Pretest-тен статистикалық тұрғыда жоғары екенін көрсетті. Атап айтқанда, барлық 67 қатысушыда Posttest нәтижесі жақсарғаны байқалды, теріс рангтар (Posttest<Pretest) немесе тең нәтижелер (Posttest = Pretest) тіркелмеді. Оң рангтардың жоғары жиілігі (N = 67) және рангтар қосындысының мәні ( $\Sigma R = 2278.00$ ) интервенция әсерінің айқын оң бағытталған екенін көрсетеді (1-кесте). Статистикалық тексеріс нәтижесі де (2-кесте) бұл айырмашылықтың кездейсоқ емес екенін дәлелдейді ( $Z = -7.133$ ,  $p < 0.001$ ). Осылайша, жүргізілген оқыту бағдарламасы студенттердің білім деңгейін едәуір арттырғанын сенімді түрде айтуға болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, ЖОО студенттеріне постколониал әдебиетті оқыту болашақ мамандардың сыни ойлауына, әдеби шығарма мәтінін ғылыми дәйектер негізінде

интерпретация жасауына, азаматтық ой-пікірінің қалыптасуына, деколонизация процесіне белсенді қатысуға көмектеседі. М.Мағауиннің «Шақан шері» романының семиотикалық құрылымы ашық, оқырман белсенді түрде «мағына іздеушіге» айналатындықтан, студенттер де ой-пікірін білдіруде еркін, белсенді позиция ұстанады. Романда архаикалық миф, отарлық қысым, трагедияның астары тікелей берілмеген – бос кеңістік көп. Кеңістік пен уақыттың «алма-кезек» берілуі әлбетте интерпретацияны талап етеді, бұны постколониалды сыни ойлау дағдыларыңыз жүзеге асыру беймүмкін.

Зерттеу мақсаты романды талдау арқылы отарсызданған сана биігінен туындайтын жаңа нарративтерді қалыптастыру болғандықтан, қоғамға көзқарас, қоғамда болып жатқан жағдайларға сергек пікір білдіру, біздің санамыз қаншалықты ұлттық немесе мәдени гибридтілік, қосарланған сана арқылы неден ұтылдық деген сұрақтармен бетпе бет келу студенттердің белсенді қатысуына әсер етеді. Зерттеу жұмысының постколониалды теория, отаршылдық, «басқаға айналдыру» (Othering) ұғымдары, конформизм психологиясы, қарсылық дискурсы (resistance discourse), әдебиеттегі өзін өзі жатсыну (self-alienation), қосарланған сана, субалтерн концептісі, эконепостколониализм, постколониал әдебиеттегі символдар туралы ақпарат берілуі, теорияларға негіздей талдау барысында романдан нақты мысалдарды студенттердің өздерінің іздеп табуы постколониал әдебиетті оқыту әдістерінің актуалдылығын, тиімділігін көрсетеді. Контрапункттық диалог арқылы романдағы отарлаушы билік пен жергілікті шенеуніктердің сөздері, бас кейіпкердің ішкі монологы салыстырыла оқытылады. Бос орындарды толтыру әдісі арқылы романның архаикалық миф пен тарихи үзіліс жағдайы студенттердің тарихи жады мен мәдени сезімталдығына сүйене отырып, интерпретация жасалынады. Қойылым әдісі арқылы романдағы диалогтарды қойылым ретінде ұсыну және постколониалды теориядан туындайтын тұжырымдардың нақты мысалын студенттердің шығармадан өздерінің іздеп табуы оларды жай оқырманнан белсенді мағына жасаушы деңгейіне көтереді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, романды постколониал теория призмасынан талдау шығарманы әлдеқайда тереңірек түсінуге ықпал жасайды. Оқырманға мүлдем жат болуы мүмкін мәдени сезімталдық «бос кеңістікке» мағына қалыптастыру сатысына жетудің алғышарты саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әбіл Ж. Этнодеформация мәселелері // Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология сериясы, 2002. – №2.
2. Есбалаева Р. Қазіргі қазақ прозасындағы психологиялық деформация көріністері // ҚазҰУ хабаршысы, «Филология» сериясы, 2021. – №1
3. Саид Эдуард Уади. Ориентализм – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 396 б.
4. Шақан шері романындағы қоғам болмысы [Электрон. ресурc]. – 2018. – URL: [https://el.kz/shakan\\_sheri\\_romandarindagi\\_kogam\\_bolmisi\\_26791/](https://el.kz/shakan_sheri_romandarindagi_kogam_bolmisi_26791/) (қаралған күні: 19.11.2018).
5. Homi K Bhabha. Nation and Narration [Электрон.ресурc]. – 2013. – London. Routledge. 352 pp
6. Colonial Discourse and Post-Colonial Theory//Gayatri Chakravorti Spivak. Can the subaltern speak? [Электрон.ресурc] – 2013. – London, Routledge. 46 pp.
7. Frantz Omar Fanon. Black Skin, White Masks [Электрон.ресурc]. – 2008. – Grove Press. 240 p
8. Frantz Omar Fanon. A dying colonialism [Электрон.ресурc]. – 1994. – Grove Press.
9. Walter D.Mignolo On Decoloniality: Concepts, Analytics, Praxis [Электрон.ресурc]. – 2018. – Duke University Press. DOI: <https://doi.org/10.1215/9780822371779>
10. Мағауин М. Шақан шері. – Алматы: Жазушы. – 1991.
11. Бердібаев Р. Сол бір жылдарда // Жұлдыз, 1995. – №5-6.

12. Tlostanova M., Mignolo W. Learning to Unlearn: Decolonial Reflections from Eurasia and the Americas [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: [https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova\\_Madina\\_Mignolo\\_Walter\\_Learning\\_to\\_Unlearn\\_Decolonial\\_Reflections\\_from\\_Eurasia\\_and\\_the\\_Americas\\_2012.pdf](https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova_Madina_Mignolo_Walter_Learning_to_Unlearn_Decolonial_Reflections_from_Eurasia_and_the_Americas_2012.pdf) (қаралған күні: 29.03.2026).
13. Loomba A. Colonialism/Postcolonialism. – New York: Routledge, 2003.
14. Wisam Kh.Abdul-Jabbar. The rise of the unsaid: spaces in teaching postcolonial literature. Teachers and Teaching theory and practice [Электрон.ресурс]. – 2015. – <https://doi.org/10.1080/13540602.2014.928130>
15. Уикипедия
16. Мағауин М. Ұлтсыздану ұраны // Қазақ алманағы [Электрон. ресурс]. – 2012. – № 1. – URL: <https://abai.kz/post/3650> (қаралған күні: 29.03.2026)

## Методы преподавания казахской литературы с постколониальной теорией

Абдуллаева А.Ж.<sup>1</sup>, Оралова Г. С.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Кызылординский университет имени Коркыт ата, г. Кызылорда, Казахстан.  
<https://orsid.org/000900048599-1575>

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркыт ата, г. Кызылорда, Казахстан.  
<https://orsid.org/000000027616-5499>

*В данной статье предлагаются методологические основы рассмотрения казахской литературы с точки зрения постколониальной теории. В исследовании предусматривается анализ конкретного художественного текста с постколониальной точки зрения, рассматривая литературу как отрасль словесного искусства и самостоятельной науки. Также ставится цель выявить новые интерпретирующие возможности и нарративы через призму деколонизированного сознания.*

*В качестве теоретико-методологической основы анализа были взяты ведущие выводы постколониальной теории, сложившийся в западных научных традициях метод контрпантного чтения и теория эстетического восприятия В. Изера, ориентированная на читателя. Роман Мухтара Мағауина "Шакан Шери" пересмотрен с точки зрения постколониального подхода и комплексно проанализированы вопросы исторической памяти, национального бытия, духовной колонизации, поэтики сопротивления и нарративной идентичности в тексте. В статье рассматриваются пути раскрытия авторского повествования и точки зрения героя, исторической реальности, форм сознания и культурных черт, стремящихся к колонизации или деколонизации в художественном тексте, путем чтения романа контруппированным способом. Эстетическая концепция Изера анализируется как подход, направленный на повышение текста с пассивного получателя на уровень активного интерпретатора.*

*Эмпирический опыт, проведенный в рамках исследования (претест/посттест) и был статистически обработан с использованием критерия рангов символов Уилкоксона. Полученные результаты показали эффективность программы обучения, что свидетельствует о значительном повышении уровня теоретических знаний и интерпретационных навыков учащихся. Кроме того, качественные данные (рефлексивные заметки студентов, анализ текста) показали, что применение постколониальной теории расширило их способность распознавать историко-культурные особенности и побудило их анализировать произведение с новой точки зрения с постколониальной точки зрения и формировать многогранное понимание. Данные результаты свидетельствуют о том, что, наглядно демонстрируя методологическую эффективность методов постколониального анализа, он позволяет формировать новые научные парадигмы в Национальном литературоведении, глубоко осмысленно анализировать художественный текст и*

совершенствовать критическое мышление учащихся.

Ключевые слова: постколониальная литература, деколонизация, экопостколониализм, нарратив, чтение контрапункта, «превращение в другое», дискурс сопротивления, двойное сознание, субальтерн.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Әбіл Ж. Этнодеформация мәселелері // Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология сериясы, 2002. – №2.
2. Есбалаева Р. Қазіргі қазақ прозасындағы психологиялық деформация көріністері // ҚазҰУ хабаршысы, «Филология» сериясы, 2021. – №1
3. Саид Эдуард Уади. Ориентализм – Алматы: Ұлттық аударма бюросы қоғамдық қоры, 2019. – 396 б.
4. Шақан шері романындағы қоғам болмысы [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: [https://el.kz/shakan\\_sheri\\_romandarindagi\\_kogam\\_bolmisi\\_26791/](https://el.kz/shakan_sheri_romandarindagi_kogam_bolmisi_26791/) (қаралған күні: 19.11.2018).
5. Homi K Bhabha. Nation and Narration [Электрон.ресурс]. – 2013. – London. Routledge. 352 pp
6. Colonial Discourse and Post-Colonial Theory//Gayatri Chakravorti Spivak. Can the subaltern speak? [Электрон.ресурс] – 2013. – London, Routledge. 46 pp.
7. Frantz Omar Fanon. Black Skin, White Masks [Электрон.ресурс]. – 2008. – Grove Press. 240 p
8. Frantz Omar Fanon. A dying colonialism [Электрон.ресурс]. – 1994. – Grove Press.
9. Walter D.Mignolo On Decoloniality: Concepts, Analytics, Praxis [Электрон.ресурс]. – 2018. – Duke University Press. DOI: <https://doi.org/10.1215/9780822371779>
10. Мағауин М. Шақан шері. – Алматы: Жазушы. – 1991.
11. Бердібаев Р. Сол бір жылдарда // Жұлдыз, 1995. – №5-6.
12. Tlostanova M., Mignolo W. Learning to Unlearn: Decolonial Reflections from Eurasia and the Americas [Электрон. ресурс]. – 2012. – URL: [https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova\\_Madina\\_Mignolo\\_Walter\\_Learning\\_to\\_Unlearn\\_Decolonial\\_Reflections\\_from\\_Eurasia\\_and\\_the\\_Americas\\_2012.pdf](https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova_Madina_Mignolo_Walter_Learning_to_Unlearn_Decolonial_Reflections_from_Eurasia_and_the_Americas_2012.pdf) (қаралған күні: 29.03.2026).
13. Loomba A. Colonialism/Postcolonialism. – New York: Routledge, 2003.
14. Wisam Kh.Abdul-Jabbar. The rise of the unsaid: spaces in teaching postcolonial literature. Teachers and Teaching theory and practice [Электрон.ресурс]. – 2015. – <https://doi.org/10.1080/13540602.2014.928130>
15. Уикипедия
16. Мағауин М. Ұлтсыздану ұраны // Қазақ алманағы [Электрон. ресурс]. – 2012. – № 1. – URL: <https://abai.kz/post/3650> (қаралған күні: 29.03.2026)

### Methods of teaching kazakh literature with postcolonial theory

Abdullayeva A. <sup>1</sup>, Oralova G. S. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan  
<https://orsid.org/000900048599-1575>

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan  
<https://orsid.org/000000027616-5499>

*This article presents the methodological foundations of the consideration of Kazakh literature from the point of view of postcolonial theory. The study provides for the analysis of a specific literary text from a postcolonial point of view, considering literature as an art of the word and an independent branch of science. At the same time, the goal is to identify new interpretive possibilities and narratives through the prism of decolonized consciousness.*

The leading conclusions of the postcolonial theory, the method of reading Counterpoint, formed in the Western scientific tradition, and the theory of reader-oriented aesthetic perception by V. Iser were taken as the theoretical and methodological basis for the analysis. Mukhtar Magauin's novel "Shakan Sheri" is revised from the point of view of the postcolonial point of view, the problems of historical memory, national identity, spiritual colonization, poetics of resistance and narrative identity are comprehensively analyzed in the text. The article discusses the ways of revealing the author's narrative and character view, historical reality, forms of consciousness and cultural features in the literary text that have been colonized or sought to be decolonized by reading the novel in a counterproductive way. Iser's aesthetic concept is analyzed as an approach that aims to elevate the text from a passive receiver to the level of an active interpreter.

An empirical experiment conducted as part of the study (pretest/posttest) was statistically processed using the Wilcoxon Character Rank criterion. The results obtained showed the effectiveness of the training program, which proves a significant increase in the level of theoretical knowledge and interpretive skills of students. At the same time, qualitative data (reflective notes of students, text analysis) showed that the use of postcolonial theory expanded their ability to recognize historical and cultural features, stimulated the analysis of the work from a postcolonial point of view in a new way and the formation of a multifaceted understanding. These results clearly demonstrate the methodological effectiveness of the methods of postcolonial analysis, allowing the formation of new scientific paradigms in national literary criticism, in-depth analysis of the literary text from a semantic point of view and improving the critical thinking of students.

Keywords: postcolonial literature, decolonization, ecopostcolonism, narratives, Counterpoint reading, "turning into another", resistance discourse, double consciousness, subaltern.

## REFERENCES

1. Abil, Zh. (2002). Etnodeformatsiya maseleleri [Problems of ethnodeformation], *Vestnik Mezhdunarodnogo kazakhsko-turetskogo universiteta im. Yasawi. Seriya Turkologiya*, (2).
2. Esbalaeva, R. (2021). Kazirgi kazakh prozasyndagy psihologiyalyk deformatsiya korinisteri [Psychological deformation in modern Kazakh prose], *KazNU Bulletin. Philology series*, (1).
3. Said, E. W. (2019). *Orientalizm* [Orientalism]. Almaty: Ulttyq audarma byurosy.
4. Shakan sheri romanyndagy kogam bolmysy (2018). Available at: [https://el.kz/shakan\\_sheri\\_romandarindagi\\_kogam\\_bolmisi\\_26791/](https://el.kz/shakan_sheri_romandarindagi_kogam_bolmisi_26791/) (accessed 19 November 2018).
5. Bhabha, H. K. (2013). *Nation and Narration*. London: Routledge.
6. Spivak, G. C. (2013). Can the subaltern speak? In: *Colonial Discourse and Post-Colonial Theory*. London: Routledge.
7. Fanon, F. (2008). *Black Skin, White Masks*. New York: Grove Press.
8. Fanon, F. (1994). *A Dying Colonialism*. New York: Grove Press.
9. Mignolo, W. D. (2018). *On Decoloniality: Concepts, Analytics, Praxis*. Durham: Duke University Press. <https://doi.org/10.1215/9780822371779>
10. Magauin, M. (1991). *Shakan sheri*. Almaty: Zhazushy.
11. Berdibaev, R. (1995). Sol bir zhyldarda, *Zhuldyz*, (5–6).
12. Tlostanova, M. and Mignolo, W. (2012). *Learning to Unlearn: Decolonial Reflections from Eurasia and the Americas*. Available at: [https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova\\_Madina\\_Mignolo\\_Walter\\_Learning\\_to\\_Unlearn\\_Decolonial\\_Reflections\\_from\\_Eurasia\\_and\\_the\\_Americas\\_2012.pdf](https://monoskop.org/images/4/41/Tlostanova_Madina_Mignolo_Walter_Learning_to_Unlearn_Decolonial_Reflections_from_Eurasia_and_the_Americas_2012.pdf) (accessed 29 March 2026).
13. Loomba, A. (2003). *Colonialism/Postcolonialism*. New York: Routledge.
14. Abdul-Jabbar, W. Kh. (2015). The rise of the unsaid: spaces in teaching postcolonial literature, *Teachers and Teaching: Theory and Practice*. <https://doi.org/10.1080/13540602.2014.928130>
15. Ukipediya
16. Magauin, M. (2012). Ultsyzdan uyrany, *Kazakh Almanac*, (1). Available at: <https://abai.kz/post/3650> (accessed 29 March 2026).